



- Қазақстан Республикасының МТБ МЖС;
- Бала құқығы туралы БҰҰ конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- мектепке дейінгі ұйымның жарғысы.

3.2. Кеңес беру орны кестеге сай жұмыс істейді және мектепке дейінгі мамандардың қызметін біріктіру негізінде қызмет етеді.

3.3. Кеңес беру орнының қызметіне жалпы басшылық пен үйлестіру МДҰ меңгерушісіне жүктеледі.

3.4. МДҰ директоры:

- жұмыс кестесіне және жоспарына сәйкес кеңес беру орнының жұмысын үйлестіреді;
- мамандардың атқаратын міндеттерінің жұмыс режимін белгілейді;
- халыққа бұқаралық ақпарат құралдары мен мектепке дейінгі ұйымның сайты арқылы кеңес беру орнының жұмыс кестесі туралы ақпарат беруге ықпал етеді.

3.5. Мектепке дейінгі ұйымның:

- отбасыларға білікті кеңес беретін, диагностикалық және тәжірибелік көмектерді көрсетуге;
- ата-аналардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кеңес беру орнының жұмыс жоспарындағы іс-шараларды түзетуге құқығы бар.

3.6. Отбасыларға психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және кеңестік көмек көрсететін мектепке дейінгі ұйым мамандары ата-аналар (заңды өкілдер) алдында:

- диагностикалық деректердің объективтілігі және олардың нәтижелерін жарияламау;
- білікті және дәлелденген ұсынымдарды беру;
- құжаттама жүргізу сапасы, ақпараттың сақталуы және құпия болуы үшін жауапкершілік арқалайды.

3.7. Ата-аналардың (баланың заңды өкілдерінің):

- білікті көмек алуға, басымдылықтарды қою және дамудың барлық маңызды салаларының арасында күш-жігерлерді үйлесіммен бөлу арқылы баланың ұзақмерзімді даму жоспарын әзірлеуге;
- жеке пікірін айтуға және балаларды тәрбиелеуде тәжірибемен алмасуға құқығы бар.

3.8. Ата-аналар:

- баланың жан-жақты өсіп-жетілуі үшін қажетті өмір сүру жағдайын жасауға;
- мектепке дейінгі мамандардың ұсынымдарын тиімді орындауға жауапкершілік арқалайды.

**4. Қызметтің негізгі түрлері және кеңес беру орнындағы қызметтің мазмұны:**

1. Отбасыларға психологиялық-педагогикалық ағарту және сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу, кеңес беру, мастер-класстар, оқытушылық фильмдерді көрсету, мектеп жасына дейінгі баламен өзара әрекет ету тәсілімен баланың өсіп-жетілуіне және оқуына жеке бағытты белгілеу

мақсатымен ата-аналармен және олардың балаларымен ортақ тапсырмаларды ұйымдастыру. Көмек көрсету тең құқылы серіктестік талаптарымен жүзбе-жүз және байланыс пен интренет-ресурстар арқылы қашықтан жүргізіледі.

## **2. Ата-аналарға кеңес беру:**

- МДҰ-ға бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуында ауытқуларды ерте анықтау және алдын алу;
  - сөз сөйлеу қызметінің машықтарын және коммуникацияларды дамыту;
  - баланың физикалық күтіміне, шынығуына және дамуына саналы келу;
  - мектепке дейінгі ұйымға келмейтін мектеп жасына дейінгі баланың табысты әлеуметтендірілуін;
  - отбасындағы дағдарыс жағдайын жеңуге көмектесу бойынша педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығының интерактивтік өзара әрекет ету барысында отбасылардың сұратуы бойынша жеке, кіші топтық кеңес беру нысанында жүргізіледі.
1. Баланың өсіп-жетілуіне мониторинг жүргізу (тұлғаның жеке ерекшеліктерін және икемділіктерін, әлеуеттік мүмкіндіктерін ұғып білу және диагностикалау, сондай-ақ дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі себептер мен бұзушылықтарды анықтау).
  2. Отбасылық тәрбиелеу стратегиясын бағалау.
  3. Баланың өсіп-жетілуінің барлық маңызды салаларының арасына басымдылықтарды қою және күш-жігерлерді үйлесіммен бөлу арқылы баланың жеке бағытын, ұзақмерзімді даму жоспарын әзірлеу.
  4. Баланы әрі қарай дамытуға және тәрбиелеуге ұсынымдарды әзірлеу және отбасылық тәрбие беру стратегиясын таңдауға көмектесу.

## **5. Кеңес беру орнының құжаттамасы:**

- кеңес беру орнын құру туралы бұйрық;
- мектепке дейінгі ұйымның негізінде құрылған кеңес беру орны туралы ереже;
- МДҰ директоры бекіткен оқу жылына кеңес беру орнының жылдық жұмыс жоспары;
- кеңес беру орталығының жұмыс кестесі;
- ата-аналарға арналған кеңес беруді тіркеу журналы.